

Байланыс саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 531 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 17 маусымда № 11380 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 549 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды – ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 27.12.2018 № 549 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес "Байланыс саласындағы қызметтерді көрсетуге лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

2) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес "Нөмірлеу ресурсын бөлу және нөмірлерді беру, сондай-ақ оларды алып қою" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

3) осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес "Қазақстан Республикасының радиожилілік спектрін пайдалануға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

4) осы бұйрықтың 4-қосымшасына сәйкес "Радиоэлектронды құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалануға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті (С.С. Сарсенов):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін, бұйрықтың көшірмесін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында жариялануын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі

Ә. Исекешев

"КЕЛІСІЛДІ":

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

Е. Досаев

2015 жылғы 19 мамырда

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2015 жылғы 30 сәуірдегі
№ 531 бұйрығына
1-қосымша

"Байланыс саласындағы қызметтерді көрсетуге лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 12.12.2017 № 429 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. "Байланыс саласындағы қызметтерді көрсетуге лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің стандартын Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 12.12.2017 № 429 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрліктің Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру мыналар:

1) "көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;

2) www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 12.12.2017 № 429 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 12.12.2017 № 429 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын көрсетілетін қызметті берушіге тапсырған, сондай-ақ порталға жүгінген сәттен бастап:

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны берген кезде – 15 (он бес) жұмыс күн;

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеген кезде – 3 (үш) жұмыс күн;

лицензиялау кезіндегі біліктілік талаптарға сәйкестігін тексеру жағдайында лицензияттың - заңды тұлғаның қайта құрылуы кезінде лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеген кезде - 10 (он) жұмыс күн;

лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқаларын берген кезде – 2 (екі) жұмыс күн.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыдан құжаттарды алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді. Ұсынылған құжаттардың толық еместігі анықталған болса көрсетілетін қызметті беруші белгіленген уақытта өтінішті қарастыру туралы дәлелді бас тарту береді;

2) көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 15 минут;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 30 минут.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық және (немесе) қағаз түрінде.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 12.12.2017 № 429 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесі:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 1, 2-қосымшаларына сәйкес нысанда ресімделген лицензия және (немесе) лицензияға қосымша, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу, телнұсқасы немесе осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайлар мен негіздемелер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден көрсетілетін қызметті берушінің дәлелді бас тартуы.

Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесін беру нысаны: электрондық және (немесе) қағаз түрінде.

Порталда мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық-цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған (бұдан әрі - ЭЦҚ) электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.

Егер көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет нәтижесін қағаз тасығышта алуға жүтінсе, мемлекеттік қызметтің нәтижесі электрондық нысанда рәсімделеді, басып шығарылады және көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының қолымен және мөрімен расталады.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) ақылы негізде көрсетіледі. Лицензияға қосымшаларды (лицензия қосымшаларының телнұсқаларын) бергенде лицензиялық алым төленбейді.

Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті алушымен орналасқан жері бойынша бюджетке қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым төленеді:

1) аталған қызмет түрімен айналысу құқығына лицензия берген кездегі лицензиялық алым 6 айлық есептік көрсеткішті (бұдан әрі – АЕК) құрайды;

2) лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензиялық алым лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 %-ын құрайды, бірақ 4 АЕК көп емес;

3) лицензия телнұсқасын беру үшін лицензиялық алым лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 100 %-ын құрайды.

Лицензиялық алымды төлеу қолма-қол және қолма-қол емес нысандарда екінші деңгейдегі банктер мен банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға электронды сұраныс портал арқылы берілген жағдайда, төлем "электронды үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) немесе екінші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асырылады.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс (сенбі, жексенбі) және мереке күндерінен басқа, 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен көрсетіледі;

2) порталдың – тәулік бойы, жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанд (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсетуге өтінішт пен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушы (немесе уәкілетті өкілдің: құжат бойынша заңды тұлғаның; нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша жеке тұлға) өтініш берген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) лицензия алу үшін:

көрсетілетін қызметті берушіге:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3, 4-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша өтініштер;

қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

қызметтің кіші түріне байланысты осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 5-қосымшаға сай біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер мен құжаттар;

порталға:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;

төлем ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі түріндегі құжат;

қызметтің кіші түріне байланысты осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 5-қосымшаға сай біліктілік талаптарына сәйкес құжаттар;

2) лицензиясы бар қызмет түрі шеңберінде лицензияға қосымша алу үшін: көрсетілетін қызметті берушіге:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3, 4-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша өтініштер;

қызметтің кіші түріне байланысты осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 5-қосымшаға сай біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер мен құжаттар;

порталға:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;

қызметтің кіші түріне байланысты осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 5-қосымшаға сай біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер мен құжаттар;

3) лицензияны қайта ресімдеу үшін мыналар ұсынылады: көрсетілетін қызметті берушіге:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 6, 7-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша өтініштер;

төлем ЭҮТШ арқылы ақысын төлеуді қоспағанда, лицензиялық алым төлегенін растайтын құжат;

алынатын ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпарат қамтылған құжаттардың көшірмелерін;

порталға:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;

төлем ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі түріндегі құжат;

алынатын ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпарат қамтылған құжаттардың көшірмелерін;

4) лицензияның телнұсқасын алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге (егер бұған дейінгі берілген лицензия қағаз нысанда рәсімделген болса):

еркін нысандағы өтініш;

лицензияның телнұсқасын беру үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесін ұсынады.

Жеке тұлғаны куәландыратын, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), өтініш берушінің жеке кәсіпкер ретінде тіркелуі туралы құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды:

көрсетілетін қызметті берушіге тапсырған кезде – өтініштің көшірмесіне құжаттар топтамасының қабылданған күні мен уақыты көрсетіліп, көрсетілетін қызметті берушінің кеңесінде тіркелгені туралы белгі қою қағаз жеткізгіштегі өтініштің қабылданғанын растау болып табылады;

портал арқылы – көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілген қызметтің нәтижесін алу мерзімі көрсетілген мемлекеттік қызметті көрсетуге сұрау салуды қабылдау туралы мәртебесі көрсетіледі.

10. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту негіздемелері:

1) Қазақстан Республикасының заңдарында жеке немесе заңды тұлғалардың осы санаты үшін қызмет түрімен айналысуға тыйым салынуы;

2) лицензиялық алым енгізілмеуі;

3) өтініш беруші біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі;

4) лицензиар тиісті келісуші мемлекеттік органнан өтініш берушінің лицензиялау кезінде қойылатын талаптарға сәйкес келмейтіні туралы жауап алуы ;

5) өтініш берушіге қатысты қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру немесе оларға тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болуы;

6) сот орындаушысының ұсынуы негізінде сот өтініш беруші-борышкерге лицензия беруге уақытша тыйым салуы болып табылады.

3-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 12.12.2017 № 429 (алғашқы ресми жарияланған

күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым Министрліктің www.mic.gov.kz интернет-ресурсында "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған мекенжайлар бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына немесе 010000, Астана қаласы, Мәңгілік ел көшесі 8, 14-кіреберіс, 8 (7172) 74-03-64 телефоны бойынша Министрлік басшысының атына беріледі.

Шағымдар жұмыс күндері жазбаша нысанда поштамен, портал арқылы көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Шағымды қабылдаған тұлғаның тегін және аты-жөнінің бірінші әріптерін, берілген шағымға жауапты алу мерзімін және орнын көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде шағымды тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі мен тіркеу күні) оның қабылданғанын растау болып табылады.

Портал арқылы өтініш берген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты 1414, 8 800 080 7777 бірыңғай байланыс орталығының телефондары бойынша алуға болады.

Шағымды портал арқылы жолдаған кезде көрсетілетін қызметті алушыға " жеке кабинетінде" өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өндеу барысында жаңартылады (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап).

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің мекен-жайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Көрсетілген қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағым бере алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Шағымда:

жеке тұлғаның – оның тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты, пошталық мекен-жайы көрсетіледі;

заңды тұлғаның – оның атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен мерзімі көрсетіледі.

Шағымға көрсетілетін қызметті алушы қол қояды.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 12.12.2017 № 429 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде электронды нысанда көрсетудің ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 12.12.2017 № 429 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет мүмкіндігі шектеулі көрсетілетін қызметті алушыларға қызмет көрсету үшін пандустар көзделген ғимараттарда көрсетіледі. Көрсетілетін қызметті берушінің ғимаратында анықтама бюросы, күтуге арналған кресло және өтініш бланкілерін толтыру үлгілері берілген ақпараттық стендтер орналастырылады.

14. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары:

- 1) www.mic.gov.kz – Министрліктің интернет-ресурсында;
- 2) порталда орналастырылған.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 12.12.2017 № 429 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. ЭЦҚ болған жағдайда көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.

16. Көрсетілетін қызметті алушы қашықтан қатынау режимінде порталдағы " жеке кабинет" көмегімен, сондай-ақ Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы мемлекеттік қызметті көрсету деңгейі мен қарастыру тәртібі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар.

17. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары Министрліктің www.mic.gov.kz интернет-ресурсында "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде көрсетілген, мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 12.12.2017 № 429 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Байланыс саласындағы қызметтерді көрсетуге лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін

Нысан

Лицензия

20 ____ жылғы " ____ " _____ № _____

("Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына
сәйкес лицензияланатын қызмет түрінің атауы)

_____ айналысуға

_____ берілді

(заңды тұлғаның (соның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда – шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі/жеке тұлғаның толық тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі)

Ерекше шарттары _____

("Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабына сәйкес)

Ескерту: _____

(иеліктен шығарылатындығы, рұқсаттың класы)

Лицензиар _____

(лицензиардың толық атауы)

Басшы (уәкілетті тұлға) _____

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Қолы _____ (қағаз тасығыштағы лицензиялар үшін)

Мөр орны (қағаз тасығыштағы лицензиялар үшін)

Алғашқы берілген күні: " " _____ ж.

Лицензияның қолданылу кезеңі: " " _____ ж.

Берілген орны _____

"Байланыс саласындағы қызметтерді көретуге лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
2-қосымша

Нысан

Лицензияға қосымша

Лицензияның нөмірі _____

Лицензияның берілген күні 20__ жылғы _____

Лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі(лері)

____ ("Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының
Заңына сәйкес лицензияланатын қызметтің кіші түрінің атауы)

Лицензиат

____ (заңды тұлғаның (соның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы,
мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру
нөмірі болмаған жағдайда – шетелдік заңды тұлға филиалының немесе
өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі/жеке тұлғаның толық тегі, аты, әкесінің
аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі)

Өндірістік база

____ (орналасқан жері)

Лицензияның қолданылуының ерекше шарттары

____ ("Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 36
-бабына сәйкес)

Лицензиар _____

____ (лицензияға қосымшаны берген органның толық атауы)

Басшы (уәкілетті тұлға)

____ (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Қолы _____ (қағаз тасығыштағы қосымшалар үшін)

Мөр орны (қағаз тасығыштағы қосымшалар үшін)

Қосымшаның нөмірі _____

Қолданылу мерзімі " ____ " _____ ж.

Қосымшаның берілген күні _____ 20 ____ ж.

Берілген орны _____

"Байланыс саласындағы
қызметтерді көрсетуге лицензия
беру" мемлекеттік көрсетілетін
қызметтің стандартына
3-қосымша

Лицензияны және (немесе) лицензияға берілетін қосымшаны алуға арналған заңды тұлғаның өтініші

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 12.12.2017 № 429 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

(лицензиардың толық атауы)

(заңды тұлғаның (соның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда – шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

(қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрінің(-лері) толық атауы көрсетілсін)

_____ жүзеге асыруға лицензияны және (немесе) лицензияға

қосымшаны қағаз тасығышта _____ (лицензияны қағаз тасығышта алу қажет болған

жағдайда Х белгісін қою керек) беруіңізді сұраймын. Заңды тұлғаның мекенжайы

(шетелдік заңды тұлға үшін) пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

Электрондық пошта _____

Телефондары _____

Факс _____

Банк шоты _____

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы _____

(пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат

(стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

_____ парақта қоса беріліп отыр.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және

оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту

мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен

айналысуға сот тыйым салмайтыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып

табылатындығы расталады;

өтініш беруші лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде

ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі

шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді;

өтініш беруші халыққа қызмет көрсету орталығы қызметкерінің өтінішті электрондық

цифрлік қолтаңбамен растауына келіседі (халыққа қызмет көрсету орталықтары

арқылы жүгінген жағдайда).

Басшы _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Мөр орны Толтыру күні: 20__ жылғы " __ " _____

"Байланыс саласындағы
қызметтерді көрсетуге лицензия
беру" мемлекеттік көрсетілетін
қызметтің стандартына
4-қосымша

Нысан

Лицензияны және (немесе) лицензияға берілетін қосымшаны алуға арналған жеке тұлғаның өтініші

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 12.12.2017 № 429 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

(лицензиардың толық атауы)

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі)

(қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрінің(-лері) толық атауы көрсетілсін)

жүзеге асыруға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қағаз тасығышта _____

(лицензияны қағаз тасығышта алу қажет болған жағдайда Х белгісін қою керек) беруіңізді сұраймын.

Жеке тұлғаның тұрғылықты жерінің мекенжайы

(пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат нөмірі)

Электрондық пошта

Телефондары

Факс

Банк шоты

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)
Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы

(пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

_____ парақта қоса беріліп отыр

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады;

өтініш беруші лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді;

өтініш беруші халыққа қызмет көрсету орталығы қызметкерінің өтінішті электрондық цифрлік қолтаңбамен растауына келіседі (халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы жүгінген жағдайда).

Жеке тұлға _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Мөр орны Толтыру күні: 20 ____ жылғы " __ " _____

"Байланыс саласындағы
қызметтерді көрсетуге лицензия
беру" мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
5-қосымша

Өтініш берушінің біліктілік талаптарының сәйкестігін растайтын құжаттар тізбесі

Р/ С №	Біліктілік талаптары мыналардың болуын қамтиды:	Өтініш берушінің біліктілік талаптарының сәйкестігін растайтын құжаттар	Ескертпе
1	2	3	4
Қызметтің барлық кіші түрлері үшін			
1.	Техникалық басшылар мен мамандардың білікті құрамы	<p>Тиісті білімі мен мамандығы бойынша кемінде үш жыл практикалық жұмыс тәжірибесі бар техникалық басшылар мен мамандардың білікті құрамының тізімі</p> <p>Дипломдардың көшірмелері</p> <p>Жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтар</p> <p>Еңбек кітапшаларының немесе еңбек шарттарының көшірмелері</p> <p>Байланыс саласында даярлық және біліктілігін арттыру бойынша курстардан өткені туралы куәліктер немесе сертификаттар</p>	<p>Басшының қ о л ы қойылған тізім</p> <p>Құжаттың электрондық көшірмесі ұсынылады*</p> <p>Құжаттың электрондық көшірмесі ұсынылады*</p> <p>Құжаттың электрондық көшірмесі ұсынылады*</p> <p>Құжаттың электрондық көшірмесі ұсынылады *</p>
2.	"Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" 2000 жылғы 7 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 17 және 19-баптарының талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізіліміне енгізілген байланыс операторының деректер таратуды өлшеу жүйесі мен қосылу ұзақтығын өлшеу жүйесі бар болуы міндетті трафикті есепке алу жүйелері, қолданыстағы тексеру сертификаты	<p>Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізілімінен үзінді көшірме</p> <p>Қолданыстағы тексеру сертификаттарының көшірмелері</p>	<p>"Өлшем құралдары" электрондық тізілімін пайдалана отырып тексеріледі</p> <p>Құжаттың электрондық көшірмесі ұсынылады*</p>
	"Байланыс туралы" 2004 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес барлық байланыс желілерінде жедел-ізвестіру шараларын жүргізуді қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ барлық байланыс		Құжаттың электрондық

3.	желілеріндегі абоненттер туралы қызметтік ақпаратты жинау және екі жыл ішінде сақтауды жүзеге асыру мүмкіндігі бар аппараттық-бағдарламалық және техникалық құралдар	Сәйкестік сертификаттары	көшірмесі ұсынылады*
4.	Меншік құқығында және өзге заңды негізде телекоммуникация құралдары (байланыс құралдары)	Меншік құқығын немесе жалға алу шартын растайтын құжаттардың көшірмелері	Құжаттың электрондық көшірмесі ұсынылады*
Жылжымалы жерсеріктік байланыс қызметтерін көрсету үшін			
5.	Жерсеріктік байланыстың жердегі станциялары	Меншік құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері	Құжаттың электрондық көшірмесі ұсынылады*
		Сәйкестік сертификаттары	Құжаттың электрондық көшірмесі ұсынылады*
6.	Шетелдік байланыс операторларының телекоммуникациялық желілерімен тоғысқан нүктелердің техникалық әзірлігі	Жылжымалы жерсеріктік байланыс операторларымен ынтымақтасу мүмкіндігін растайтын келісімдердің немесе ниеттену туралы хаттамалардың көшірмелері	Құжаттың электрондық көшірмесі ұсынылады*
Ұялы байланыс қызметтерін көрсету үшін (стандарттың атауын көрсете отырып)			
7.	Радиожилік спектрін пайдалануға рұқсат	Құжаттың электрондық көшірмесі ұсынылмайды	" е-лицензиялау " М Д Қ пайдалана отырып тексеріледі
Қалааралық телефон байланысы қызметтерін көрсету үшін			
8.	Магистральдық байланыс желілері	Байланыс желілерін пайдалануға енгізу актілерінің, сатып алу-сату шарттарының көшірмелері	Құжаттың электрондық көшірмесі ұсынылады*
Халықаралық телефон байланысы қызметтерін көрсету үшін			
9.	Магистральдық байланыс желілері	Байланыс желілерін пайдалануға енгізу актілерінің немесе сатып алу-сату шарттарының көшірмелері	Құжаттың электрондық көшірмесі ұсынылады*
10.	Қазақстан Республикасы аумағындағы басқару орталығы	Меншік құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері	Құжаттың электрондық көшірмесі ұсынылады*
		Өтініш берушінің құрылтай құжаттарының	

11	Өтініш берушінің акционерлері (қатысушылары) арасында акциялар пакетін (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) бөлу жөніндегі ақпарат	көшірмелері және бағалы қағаздарды ұстаушылар (серіктестік қатысушыларының) тізілімдері көшірмелері	Құжаттың электрондық көшірмесі ұсынылады*
12	Шетелдік байланыс операторларының телекоммуникациялық желілерімен тоғысқан нүктелердің техникалық әзірлігі	Кейін трафикпен алмасуды жүзеге асыру үшін шетелдік байланыс операторларымен ынтымақтасу мүмкіндігін растайтын ниеттері туралы шарттардың немесе хаттамалардың көшірмелері	Құжаттың электрондық көшірмесі ұсынылады*
		Шетелдік байланыс операторларымен қиылысудың географиялық координаталары көрсетілген, басшының қолы қойылған өтініш берушінің хаты	Құжаттың электрондық көшірмесі ұсынылады*
13	Басқару орталықтарының телекоммуникация желілерін орталықтан басқару жүйесіне қосылудың техникалық әзірлігі	Телекоммуникация желілерін орталықтан басқару жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін "МТҚ" РМК-нің келісім хаты	Құжаттың электрондық көшірмесі ұсынылады*

Ескертпе:

* Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Электрондық құжат алмасу қағидаларын бекіту туралы" 2004 жылғы 17 сәуірдегі

№ 430 қаулысымен бекітілген Электрондық құжат айналымының ережесінде белгіленген тәртіпте құрылған және электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

"е-лицензиялау" МДБ - "е-лицензиялау" мемлекеттік дерек қоры;

"МТҚ" РМК – "Мемлекеттік техникалық қызмет" республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

"Байланыс саласындағы қызметтерді көретуге лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
6-қосымша

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге арналған заңды тұлғаның өтініші

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің

_____ (заңды тұлғаның (соның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда – шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

_____ жүзеге асыруға (қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрінің(-лері) толық атауы)

20__ жылғы " " _____ № _____, _____ берілген, (лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаның(лардың) нөмірі(лері), берілген күні, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны(ларды)

берген лицензиардың атауы) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны (керектің асты сызылсын) қағаз тасығышта ____ (лицензияны қағаз тасығышта алу қажет болған жағдайда Х белгісін қою керек) мынадай негіз(дер) бойынша (тиісті жолға Х қою қажет):

1) заңды тұлға-лицензиат "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабында айқындалған тәртіпке сәйкес (тиісті жолға Х қою қажет):

бірігу ____ қайта құру ____ қосылу ____ бөліп шығару ____ бөліну ____ жолымен қайта ұйымдастырылуы

2) заңды тұлға-лицензиат атауының өзгеруі ____

3) заңды тұлға-лицензиаттың орналасқан жерінің өзгеруі ____

4) егер лицензияның иеліктен шығарылатындығы "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына 1-қосымшада көзделген жағдайларда, лицензиат үшінші тұлғалардың пайдасына объектімен бірге "объектілерге берілетін рұқсаттар" класы бойынша берілген лицензияны иеліктен шығаруы ____

5) "объектілерге берілетін рұқсаттар" класы бойынша берілген лицензия үшін немесе лицензияға қосымшалар үшін объектілерді көрсете отырып, объект нақты көшірілмей оның орналасқан жерінің мекенжайы өзгеруі

6) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талап болған жағдайларда ____

7) қызмет түрінің атауы өзгеруі ____

8) қызметтің кіші түрінің атауы өзгеруі ____ қайта ресімдеуіңізді сұраймын.

Заңды тұлғаның мекенжайы

(заңды тұлғаның (соның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда – шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

Электрондық пошта _____

—
Телефондары _____

—
Факс _____

—
Банк шоты _____

—
(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы _____

—
(шетелдік заңды тұлға үшін-елі, пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі) _____ парақта қоса беріліп отыр.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады;

өтініш беруші лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді;

өтініш беруші халыққа қызмет көрсету орталығы қызметкерінің өтінішті электрондық цифрлік қолтаңбамен растауына келіседі (халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы жүгінген жағдайда).

Басшы _____

—
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Мөр орны Толтыру күні: 20__ жылғы " __ "

Нысан

**Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны
қайта ресімдеуге арналған жеке тұлғаның өтініші**

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетіне

_____ (жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі)

_____ (қызметтің түрі және (немесе) кіші түрінің(-лері) толық атауы)

_____ жүзеге асыруға
20__ жылғы " " _____ № _____, _____ берілген, (лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаның(лардың) нөмірі(лері), берілген күні, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны(ларды) берген лицензиардың атауы) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны (керектің асты сызылсын) қағаз тасығышта _____ (лицензияны қағаз тасығышта алу қажет болған жағдайда Х белгісін қою керек) мынадай негіз(дер) бойынша (тиісті жолға Х қою қажет):

1) жеке тұлға-лицензиаттың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) өзгеруі _____

2) жеке кәсіпкер-лицензиат қайта тіркелген, оның атауы өзгеруі _____

3) жеке кәсіпкер-лицензиат қайта тіркелген, оның заңды мекенжайы өзгеруі _____

_____ 4) егер лицензияның иеліктен шығарылатындығы "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына 1-қосымшада көзделген жағдайларда, лицензиат үшінші тұлғалардың пайдасына объектімен бірге "объектілерге берілетін рұқсаттар" класы бойынша берілген лицензияны иеліктен шығаруы _____

5) "объектілерге берілетін рұқсаттар" класы бойынша берілген лицензия үшін немесе лицензияға қосымшалар үшін объектілерді көрсете отырып, объект нақты көшірілмей оның орналасқан жерінің мекенжайы өзгеруі _____

6) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талап болған жағдайларда _____

7) қызмет түрінің атауы өзгеруі _____

8) қызметтің кіші түрінің атауы өзгеруі _____ қайта ресімдеуіңізді сұраймын.

Жеке тұлғаның тұрғылықты жерінің мекенжайы

_____ (пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат нөмірі)

Электрондық пошта

Телефондары

Факс

Банк шоты

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы

(пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар нөмірі) _____ парақта қоса беріліп отыр.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады;

өтініш беруші лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді;

өтініш беруші халыққа қызмет көрсету орталығы қызметкерінің өтінішті электрондық цифрлік қолтаңбамен растауына келіседі (халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы жүгінген жағдайда).

Жеке тұлға _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Мөр орны Толтыру күні: 20__ жылғы " __ " _____

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2015 жылғы 30 сәуірдегі
№ 531 бұйрығына
2-қосымша

"Нөмірлеу ресурсын бөлу және нөмірлерді беру, сондай-ақ оларды алып қою" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1. Жалпы ережелер

1. "Нөмірлеу ресурсын бөлу және нөмірлерді беру, сондай-ақ оларды алып қою" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің стандартын Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 12.12.2017 № 429 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрліктің Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру мыналар:

3) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – мемлекеттік корпорация);

4) www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 12.12.2017 № 429 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 12.12.2017 № 429 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын Мемлекеттік корпорацияға тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде – 20 (жиырма) жұмыс күні;

Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді.

2) Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 15 минут;

3) Мемлекеттік корпорацияда көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 20 минут.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 19.01.2016 № 14 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық және (немесе) қағаз түрінде.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 12.12.2017 № 429 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі: көрсетілетін қызметті берушінің нөмірлеу ресурсын бөлу немесе алып қою туралы бұйрығы.

Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесін беру нысаны: электрондық және (немесе) қағаз түрінде.

Порталда мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызмет берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжат түрде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.

Егер көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін қағаз тасығышта алуға жүгінсе, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі электронды нысанда рәсімделеді, басып шығарылады және мөрмен расталып, көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасымен қол қойылады.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) Мемлекеттік корпорация – еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі – сенбі аралығында сағ. 9.00-ден 20.00-ге дейін белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет тіркелу орны бойынша/нөмірлеу ресурсын пайдалану орны бойынша көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша жедел қызмет көрсетусіз электрондық кезек күту тәртібімен көрсетіледі, портал арқылы электрондық кезекті брондауға болады;

2) портал – тәулік бойы, жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсетуге өтінішт пен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелсін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 19.01.2016 № 14 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

9. Көрсетілетін қызметті алушы (немесе уәкілетті өкілдің: өкілеттігін растайтын құжат бойынша заңды тұлға; нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша жеке тұлға) жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) Мемлекеттік корпорацияға:

нөмірлеу ресурсын алу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бірыңғай телекоммуникациялар желісінің нөмірлеу ресурсын бөлуге өтініш;

жеке басын куәландыратын құжат (жеке басты сәйкестендіру үшін);

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша түсіндірме жазба;

қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторын таңдау префиксін алу үшін осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген құжаттар тізбесіне қосымша оператор қатысатын әрбір өңірде қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторын таңдау мақсатында желілері қосылатын стандартты нүктесі болып табылатын оператордың транзиттік коммутациялық станциялардың тізбесі ұсынылады;

жаңадан енгізіліп отырған қызметке немесе бұрыннан қолданыстағы қызметке қол жеткізу кодын пайдалана отырып, байланыс қызметтерін көрсететін "X₁X₂X₃X₄" оператордың кодын алу үшін құжаттар тізбесіне қосымша мынадай құжаттар ұсынылады:

көрсетілетін қызметтің толық сипаттамасы;

байланыс қызметін ұйымдастыру орындылығының негіздемесі;

ұсынылатын байланыс қызметін көрсету тәсілінің нақты сипаттамасы;

шақыруларды тарифтеу және бағыттау жөніндегі ұсыныстар.

"X₄X₅X₆X₇" көрсетілетін қызметтер абоненттерінің логикалық нөмірлерін байланыс операторы (қызмет провайдері) қызметті абоненттеу кезінде бөледі; нөмірлеу ресурсын алып қою үшін:

көрсетілетін мемлекеттік қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті берушінің нөмірлеу ресурсын бөлу жөніндегі бұйрығы туралы мәліметтерді көрсете отырып ресімдеген бірыңғай телекоммуникациялар желісінің нөмірлеу ресурсын алып қоюға өтініш.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді Мемлекеттік корпорация қызметкері " электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Құжаттарды қабылдау кезінде Мемлекеттік корпорация қызметкері құжаттардың электрондық көшірмелерін шығарады, одан кейін осы құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады.

Мемлекеттік корпорация қызметкері, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді мемлекеттік қызметті көрсету кезінде пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының жазбаша келісімін алады.

2) порталға:

нөмірлеу ресурсын алу үшін:

мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімдеген бірыңғай телекоммуникациялар желісінің нөмірлеу ресурсын бөлуге өтініш;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша түсіндірме жазба;

қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторын таңдау префиксін алу үшін осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген құжаттар тізбесіне қосымша оператор қатысатын әрбір өңірде қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторын таңдау мақсатында желілері қосылатын стандартты нүктесі болып табылатын оператордың транзиттік коммутациялық станциялардың тізбесі ұсынылады;

жаңадан енгізіліп отырған қызметке немесе бұрыннан қолданыстағы қызметке қол жеткізу кодын пайдалана отырып, байланыс қызметтерін көрсететін "X₁X₂X₃X₄" оператордың кодын алу үшін құжаттар тізбесіне қосымша мынадай құжаттар ұсынылады:

көрсетілетін қызметтің толық сипаттамасы;

байланыс қызметін ұйымдастыру орындылығының негіздемесі;
ұсынылатын байланыс қызметін көрсету тәсілінің нақты сипаттамасы;
шақыруларды тарифтеу және бағыттау жөніндегі ұсыныстар.

"X₄X₅X₆X₇" көрсетілетін қызметтер абоненттерінің логикалық нөмірлерін байланыс операторы (қызмет провайдері) қызметті абоненттеу кезінде бөледі; нөмірлеу ресурсын алып қою үшін:

көрсетілетін мемлекеттік қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті берушінің нөмірлеу ресурсын бөлу жөніндегі бұйрығы туралы мәліметтерді көрсете отырып, ресімдеген бірыңғай телекоммуникациялар желісінің нөмірлеу ресурсын алып қоюға өтініш.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы сәйкес мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Мемлекеттік корпорацияда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру жеке кәулікті көрсеткен кезде (немесе оның өкілінің нотариалды куәландырылған сенімхаты бойынша) тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат негізінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік корпорация нәтиженің бір айға сақталуын қамтамасыз етеді, одан кейін оларды көрсетілетін қызметті берушіге одан әрі сақтау үшін береді. Көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияға бір ай өткен соң жүгінген кезде, Мемлекеттік корпорацияның сұрауы бойынша қызметті беруші бір жұмыс күні ішінде Мемлекеттік корпорацияға дейін құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген жағдайда, "жеке кабинет" мемлекеттік көрсетілген қызметтің нәтижесін алу күні мен уақытын (егер қағаз тасығышта берілсе, алу орнын көрсету қажет) көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсетуге сұрауды қабылдау туралы мәртебесі жіберіледі.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 19.01.2016 № 14 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

10. Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес толық құжаттар топтамасын ұсынбаған жағдайда, Мемлекеттік корпорация қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхатты береді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 19.01.2016 № 14 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

3-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) олардың қызметкерлерінің мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне(әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 12.12.2017 № 429 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым Министрліктің www.mic.gov.kz интернет-ресурсында "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған мекенжайлар бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына немесе 010000, Астана қаласы, Мәңгілік ел көшесі 8, 14-кіреберіс, 8 (7172) 74-03-64 телефоны бойынша Министрлік басшысының атына беріледі.

Шағымдар жұмыс күндері жазбаша нысанда поштамен, портал арқылы көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Шағымды қабылдаған тұлғаның тегін және аты-жөнінің бірінші әріптерін, берілген шағымға жауапты алу мерзімін және орнын көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде шағымды тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі мен тіркеу күні) оның қабылданғанын растау болып табылады.

Портал арқылы өтініш берген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты 1414, 8 800 080 7777 бірыңғай байланыс орталығының телефондары бойынша алуға болады.

Шағымды портал арқылы жолдаған кезде көрсетілетін қызметті алушыға " жеке кабинетінде" өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өндеу барысында жаңартылады (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап).

Мемлекеттік корпорация қызметкерінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13 және 14-

тармақтарында көрсетілген мекенжайлар және телефондар бойынша Мемлекеттік корпорацияның басшысына жіберіледі.

Қолма-қол, сондай-ақ пошта арқылы Мемлекеттік корпорацияға келіп түскен шағымның тіркелуі (мөртабан, кіріс нөмірі және тіркеу күні шағымның екінші данасына немесе шағымға ілеспе хатта қойылады) оның қабылдауын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің немесе мемлекеттік корпорацияның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Көрсетілген қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағым бере алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Шағымда:

жеке тұлғаның – оның тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты, пошталық мекенжайы;

заңды тұлғаның – оның атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен мерзімі көрсетіледі.

Шағымға көрсетілетін қызметті алушы қол қояды.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 12.12.2017 № 429 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Мемлекеттік көрсетілген қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

4. Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде электронды нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетудің ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 12.12.2017 № 429 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Заңнамада көрсетілген тәртіпте өз өзіне қызмет көрсетуден толық немесе ішінара қабілеттілігі мен мүмкіншілігінен айырылған, өз бетімен жүре алмайтын, бағдарлана алмайтын көрсетілетін қызметті алушы Бірыңғай байланыс

орталығының 1414 телефоны арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттарды қабылдауды көрсетілетін қызметті алушының тұратын жеріне бара отырып, Мемлекеттік корпорация қызметкері жүргізеді.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 19.01.2016 № 14 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

14. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекен-жайлары:

- 1) www.mic.gov.kz – Министрліктің интернет-ресурсында;
- 2) www.gov4c.kz – Мемлекеттік корпорацияның интернет-ресурсында;
- 3) порталда орналастырылған.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 12.12.2017 № 429 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. ЭЦҚ болған жағдайда көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.

16. Көрсетілетін қызметті алушы қашықтан қатынау режимінде порталдағы "жеке кабинет" көмегімен, сондай-ақ Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы мемлекеттік қызметті көрсету деңгейі мен қарастыру тәртібі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар.

17. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары Министрліктің www.mic.gov.kz интернет-ресурсында "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде көрсетілген, мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 12.12.2017 № 429 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Нөмірлеу ресурсын бөлу және нөмірлерді беру, сондай-ақ оларды алып қою" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
1-қосымша

Нысан
Қазақстан Республикасы Инвестициялар
және даму министрлігінің
Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат
комитетіне

**Бірыңғай телекоммуникация желісінің
нөмірлеу ресурсын бөлуге өтініш**

1. Өтініш беруші (заңды тұлғалар үшін – толық және қысқаша атауы, жеке тұлғалар үшін – тегі, аты, әкесінің аты)

2. ЖСН/БСН _____

3. Пошталық мекенжайы _____

4. Байланыс деректемелері (телефон, факс, телекс) _____

Банк деректемелері _____

6. Байланыс саласындағы уәкілетті орган берген лицензиялардың және оның қосымшаларының деректемелері (лицензияланатын байланыс қызметтерін көрсеткен жағдайда) _____

7. Желінің толық және қысқартылған атауы (егер болса) _____

8. Желіні құруға және пайдалануға жауапты тұлғаның лауазымы, Т.А.Ә.А.

9. Сұратылатын нөмірлеу ресурсының көлемі _____

10. Сұратылатын нөмірлеу ресурсын пайдалану жоспарланған аумақ

Қоса берілетін құжаттар:

1) "Нөмірлеу ресурсын бөлу және нөмірлерді беру, сондай-ақ оларды алып қою" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес ресімделген түсіндірме жазба;

Ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

(өтінішке қол қоюға өкілеттігі бар тұлғаның лауазымы) (лауазымды тұлғаның Т.А.Ә.А.) М.О.

"Нөмірлеу ресурсын бөлу және
нөмірлерді беру, сондай-ақ
оларды алып қою" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет стандартына
2-қосымша

Нысан

Түсіндірме жазба

1. Желінің атауы және түрі.

2. Желінің жұмыс істеуін қамтамасыз етудің әкімшілік-ұйымдық қағидаттары (меншік нысандары, иесі, пайдаланатын ұйымдар, ұйым – халықаралық оператор, олардың құқықтық және функционалдық қатынастары).

3. Өтінім берілген кезде желінің пайдалануға әзірлігі (немесе пайдалануды бастау мерзімі).

4. Желі құрудың қысқаша техникалық қағидаттары:

1) құрылымы, оның ішінде қалааралық (халықаралық, аймақішілік) желілермен өзара іс-қимылды жүзеге асыратын элементтер;

2) қалааралық (халықаралық) желілермен түйіндесуді техникалық қамтамасыз ету (желіаралық түйіндесу хаттамалары, тікелей түйіндесу, байланыс арналарының түрлері және оларды ұйымдастыру тәсілдері).

5. Желінің қалааралық және халықаралық байланыс қызметтерін, Интернет желісіне қолжетімділік қызметтерін, IP-телефония қызметтеріне (Интернет-телефония) және байланыстың зияткерлік желілер қызметтеріне ұсыну үшін ұйымдастыру-техникалық дайындығы (шет елдердің түйіндесу желілерінің операторларымен, отандық желілермен немесе транзит беру туралы халықаралық транзиттік тораптармен, халықаралық арналар жабдықтаушыларымен келісімдердің бар-жоғы, техникалық құралдардың бар-жоғы және функционалдық дайындығы).

6. Желінің жұмыс істеу ауқымы:

1) желі топологиясы (желі қамтитын Қазақстан Республикасының, ТМД елдерінің, басқа да шет елдердің қалалары мен өңірлерінің тізбесі);

2) пайдаланушылардың, оның ішінде қалааралық (халықаралық) байланыс қызметтерін пайдаланатындардың саны;

3) тікелей түйіндесу жүргізілетін шетел желілері мен транзиттік тораптарының тізбесі;

4) пайдаланушыларға мәлімделген желімен тікелей түйіндесуі жоқ шетел желілерінің абоненттеріне шығуды ұсыну мүмкіндігі;

5) қалааралық (халықаралық) трафик (кіріс, шығыс);

6) көрсетілетін қызметтердің құрамы.

7. Желіні нөмірлеу жоспарын құру қағидаттары.

8. Көрсетілетін қызметтердің сипаттамасы.

Ескертпелер:

1) 4, 5-тармақтар бойынша мәліметтер өтініш беру кезіндегі жағдайы бойынша жазылады және желіні дамыту жоспарлары бойынша деректер келтіріледі;

2) 5-тармақ тек нөмірлеу аймағының "DEF" кодтарын, "DEFX₁" және "DEF X₁X₂" кодтарын, көрсетілетін қызметтерге қолжетімділік кодтарында "X₁X₂X₃(X₄)" байланыс операторларының (көрсетілетін қызметтер провайдерлерінің)

кодтарын сұрататын операторлар үшін, оператордың таңдау префиксін сұрататын қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторлары үшін қолданылады;

3) 6-тармақтың 3) – 5) тармақшалары тек нөмірлеу аймағының "DEF" кодтарын, "DEF X₁" және "DEF X₁X₂" кодтарын сұрататын операторлар үшін қолданылады;

4) егер бұрын лицензия алуға түсіндірме жазбадағы нөмірлеу жоспары өзгертілсе, осы түсіндірме жазбаның 7-тармағы бойынша жаңа нөмірлеу жоспары қоса беріледі.

"Нөмірлеу ресурсын бөлу және
нөмірлерді беру, сондай-ақ
оларды алып қою" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет стандартына
3-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасы Инвестициялар
және даму министрлігінің Байланыс,
ақпараттандыру және ақпарат комитетіне

Бірыңғай телекоммуникация желісінің нөмірлеу ресурсын алып қоюға өтініш

1. Өтініш беруші (заңды тұлға үшін – толық және қысқаша атауы, жеке тұлға үшін – тегі, аты, әкесінің аты).
2. ЖСН/БСН.
3. Пошталық мекенжайы.
4. Байланыс деректемелері (телефон, факс, телекс).
5. Алып қоюға ұсынылатын нөмірлеу ресурсының көлемі.
6. Нөмірлеу ресурсын алып қоюға өтініш берген аумақ.
7. Нөмірлеу ресурсын алып қоюға өтініш беру себептері.

(өтінішке қол қоюға өкілеттігі бар тұлғаның лауазымы) (лауазымды тұлғаның
Т.А.Ә.А.)

М.О.

"Нөмірлеу ресурсын бөлу және
нөмірлерді беру, сондай-ақ
оларды алып қою" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет стандартына
4-қосымша

Нысан

(Тегі, аты, бар болса - әкесінің

аты (бұдан әрі – Т.А.Ә.А.),
не көрсетілетін қызметті алушы
ұйымының атауы)

(көрсетілетін қызметті
алушының мекенжайы)

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 19.01.2016 № 14 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы филиалының № ____ бөлімі (мекенжайын көрсету) Сіздің мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбағаныңызға байланысты мемлекеттік қызмет көрсету үшін (мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет атауын көрсету) құжаттарды қабылдаудан бас тартады, атап айтқанда:

Жоқ құжаттардың атаулары:

- 1) _____;
- 2) _____;
- 3) _____....

Осы қолхат 2 данада, әрбір тарапқа бір-біреуден жасалды.

Т.А.Ә.А. (Мемлекеттік корпорация қызметкері) (қолы)

Орындаушы: Т.А.Ә.А. _____

Телефон _____

Алдым: _____

көрсетілетін қызметті алушының қолы/Т.А.Ә.А. қолы

20 __ жылғы " __ "

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2015 жылғы 30 сәуірдегі
№ 531 бұйрығына
3-қосымша

"Қазақстан Республикасының радиожилілік спектрін пайдалануға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 19.01.2016 № 14 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 12.12.2017 № 429 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. "Қазақстан Республикасының радиожилілік спектрін пайдалануға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің стандартын Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 12.12.2017 № 429 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрліктің Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету нәтижесін беру "электрондық үкімет" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 12.12.2017 № 429 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 12.12.2017 № 429 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:
порталға жүгінген сәттен бастап – 25 (жиырма бес) жұмыс күні.

Халықаралық үйлестіруді жүргізу қажет болған жағдайда мерзімі төрт айдан аспайтын уақытқа ұзартылады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 12.12.2017 № 429 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық түрде.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 12.12.2017 № 429 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі:

Осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының радиожілік спектрін (бұдан әрі – РЖС) пайдалануға рұқсат, не осы стандарттың 10-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап;

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: электрондық және (немесе) қағаз түрінде.

Порталда мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызмет берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат түрде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.

Егер көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін қағаз тасығышта алуға жүгінсе, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі электронды нысанда рәсімделеді, басып шығарылады және мөрмен расталып, көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасымен қол қойылады.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) ақылы негізде көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін ақы төлеу осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес "Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

Төлем қолма-қол және қолма-қол емес нысандарда екінші деңгейдегі банктер мен банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы алу үшін электрондық сұрау берілген жағдайда, төлем "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

8. Жұмыс кестесі:

портал – тәулік бойы, жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш пен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 12.12.2017 № 429 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. порталға:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

сұралып отырған радиожииліктер белдеулерінің (номиналдың) негіздемесі келтірілетін түсіндірме жазба, онда жоспарланып отырған радиожелінің (радиотораптың) мақсаты мен сипаты, пайдаланылатын стандарттар мен хаттамалардың, пайдалануға жоспарланған РЭҚ ерекшеліктері, байланысты ұйымдастыру сызбасы егжей-тегжейлі баяндалады. Оның ішінде, түсіндірме жазбаға:

HUB-станциясымен спутниктік байланысты ұйымдастыру үшін бөлінетін радиожиилік номиналдарын (жолағын), ЭИСК, сәуле шығару класы, VSAT-станциялар үлгісін көрсете отырып, спутниктік байланыс операторы хатының көшірмесін;

Қазақстан Республикасының аумағында геостационарлық емес спутниктерді пайдалану үшін Халықаралық электр байланыс одағының Радио байланыс регламентіне сәйкес геостационарлық емес спутниктік желісін тіркеуге Халықаралық электр байланыс одағының оң қорытындысының көшірмесі;

телерадио хабарларын тарату үшін жиілік белдеуін, радиожиилікті (радиожиилікті арналарды) бөлу бойынша өткізілген конкурстың оң нәтижесі;

Қазақстан Республикасының аумағындағы шет мемлекеттердің дипломатиялық және консулдық өкілдіктері үшін Қазақстан Республикасының аумағында РЖС рұқсатын алуға келісім туралы Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі хатының көшірмесі қоса беріледі;

РЭҚ-ға тиісті радиобайланыс түріне осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша толтырылған сауалнама (кеме станциялары үшін техникалық деректерімен осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырылған сауалнама).

Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметтерді көрсеткен кезде көрсетілетін қызметті берушінің егер Қазақстан Республикасының заңдарында

өзгесі көзделмесе, ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияларды құрайтын мәліметтерді пайдалану үшін жазбаша келісімін алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды портал арқылы жүгінген жағдайда, "жеке кабинетте" мемлекеттік қызметті көрсетуге сұрауды қабылдау туралы мәртебесі, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін алу күні мен уақыты (егер қағаз тасығышта берілсе, алу орнын көрсету қажет) көрсетілген хабарлама жіберіледі.

Порталда электрондық сұрауды қабылдау мемлекеттік қызметті алушының " жеке кабинетінде" жүзеге асырылады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 12.12.2017 № 429 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес толық құжаттар топтамасын ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші белгіленген мерзімде мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздемелер:

1) мәлімделген радиожилік белдеулерінің, радиожиліктердің (радиожилік арнасының) ұлттық жиіліктер белдеулерін бөлу кестесіне сәйкес келмеуі;

2) мәлімделген радиоэлектрондық құралдардың сәуле шығару және қабылдау параметрлерінің радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғылардың электромагниттік үйлесімділігін қамтамасыз ету саласындағы талаптарына, нормаларына сәйкес келмеуі;

3) қолданыстағы және пайдаланылуы жоспарланған радиоэлектрондық құралдармен электромагниттік үйлесімділік сараптамасының теріс қорытындысы ;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте пайдаланушыларға бұрын иелікке берілген мәлімделген радиожилік белдеулерін , радиожиліктерді (радиожилік арнасын) азаматтық пайдаланушылардың пайдалануы;

5) көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен беретін, байланыс саласындағы радиожиліктерді пайдаланатын кәсіпкерлік қызмет түріне тиісті лицензияның болмауы;

6) жилік белдеулерін, радиожиліктерді (радиожилік арнасын) Қазақстан Республикасы әскери басқармасының орталық атқарушы органымен келісу жүргізудің теріс нәтижелері;

7) радиожилікті (радиожилік арнасын) халықаралық үйлестіру рәсімдерін жүргізудің, егер мұндай рәсім Халықаралық электрбайланыс одағының

радиобайланыс регламентінде және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделсе, теріс нәтижелері болып табылады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 12.12.2017 № 429 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 12.12.2017 № 429 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым Министрліктің www.mic.gov.kz интернет-ресурсында "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған мекен-жайлар бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына немесе 010000, Астана қаласы, Мәңгілік ел көшесі 8, 14- кіреберіс, 8 (7172) 74-03-64 телефоны бойынша Министрлік басшысының атына беріледі.

Шағымдар жұмыс күндері жазбаша нысанда поштамен, портал арқылы көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Шағымды қабылдаған тұлғаның тегін және аты-жөнінің бірінші әріптерін, берілген шағымға жауапты алу мерзімін және орнын көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде шағымды тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі мен тіркеу күні) оның қабылданғанын растау болып табылады.

Портал арқылы өтініш берген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты 1414, 8 800 080 7777 бірыңғай байланыс орталығының телефондары бойынша алуға болады.

Шағымды портал арқылы жолдаған кезде көрсетілетін қызметті алушыға " жеке кабинетінде" өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында жаңартылады (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап).

Көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Көрсетілген қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағым бере алады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Шағымда:

жеке тұлғаның – оның тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты, пошталық мекенжайы;

заңды тұлғаның – оның атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен мерзімі көрсетіледі.

Шағымға көрсетілетін қызметті алушы қол қояды.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 12.12.2017 № 429 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

4. Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде электронды нысанда көрсетудің ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 12.12.2017 № 429 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) б ұ й р ы ғ ы м е н .

13. Алып тасталды – ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 12.12.2017 № 429 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекен-жайлары:

- 1) www.mic.gov.kz – Министрліктің интернет-ресурсында;
- 2) порталда орналастырылған.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 12.12.2017 № 429 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. ЭЦҚ болған жағдайда көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алады.

16. Көрсетілетін қызметті алушы қашықтан қатынау режимінде порталдағы "жеке кабинет" көмегімен, сондай-ақ Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы мемлекеттік қызметті көрсету деңгейі мен қарастыру тәртібі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар.

17. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары Министрліктің www.mic.gov.kz интернет-ресурсында "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде көрсетілген, мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 12.12.2017 № 429 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасының
радиожилілік спектрін
пайдалануға рұқсат беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
1-қосымша

Нысан

Елтаңба Байланыс саласындағы уәкілетті орган
Герб Уполномоченный орган в области связи

KZ №
000000*

Қазақстан Республикасының радиожилілік спектрін пайдалануға РҰҚСАТ

РАЗРЕШЕНИЕ

на использование радиочастотного спектра Республики Казахстан

РЧС N A/BB-CCC/DDDD

Берілді (заңды және жеке тұлғалардың атауы)

Выдано (наименование юридического или физического лица)

Ұйымдастыру үшін (радиобайланыс түрі) -

Для организации (вид радиосвязи) -

Мынадай көрсеткіштері бар радиожиліліктерін пайдалануға рұқсат етіледі:

Разрешается использовать радиочастоты со следующими данными:

Р/с № № п/п	Орнатылу пункті Пункт установки	Жабдық түрі В и д оборудования	Тасымалдау жиіліктері Несущие частоты, МГц	Қуат Мощность Вт	Антеннаның іліну биіктігі Высота подвеса антенны, м	Ескертулер Примечание

Рұқсаттың қолданылу мерзімі: келесі күнтізбелік жылдың 25 наурызына дейін.

Срок действия Разрешения: до 25 марта следующего календарного года.

Берілген күні: 20__ жылғы " " _____ М.О./М.П.

Дата выдачи: " " _____ 20__ года М.П.

Басшы Т.А.Ә.А.

Руководитель _____ Ф.И.О.

(қолы/ подпись)

(келесі жағы)

(оборотная сторона)

ӨБЖН УИНЗ	
Негіз Основание	
Қосымша ақпарат Дополнительная информация	

Рұқсаттың қолданылу шарттары:

1. Рұқсат өтініш берушіге радиожілік спектрін (РЖС) пайдаланғаны үшін мемлекеттік бюджетке төлемақының бір бөлігі немесе толық сомасы төленгенін дәлелдейтін құжат болған жағдайда беріледі.

2. Рұқсат радиожілік спектрін (РЖС) пайдаланғаны үшін төлемақы өткен жылға толық төленген, РЭҚ және ЖЖҚ пайдалануға енгізілген жағдайда қолданыста болып есептеледі және жыл сайын Уәкілетті органының аумақтық бөлімшесінде мемлекеттік бюджетке төлемақының бір бөлігі немесе толық сомасы төленгенін дәлелдейтін құжат болған жағдайда ұзартылады.

3. РЭҚ барлық техникалық параметрлері сауалнамаға сәйкес болуы тиіс.

4. РЭҚ параметрлері мен орнату орынын ауыстыруға тыйым салынады.

Условия действия Разрешения:

1. Разрешение выдается заявителю при предъявлении подтверждающего документа об оплате в государственный бюджет части либо всей суммы годовой платы за использование радиочастотного спектра за текущий год.

2. Разрешение считается действительным при полной оплате суммы годовой платы за использование радиочастотного спектра за прошедший год, при

условии ввода в эксплуатацию РЭС и ВЧУ и продлевается в территориальном подразделении Уполномоченного органа при предъявлении подтверждающего документа об оплате в государственный бюджет части либо всей суммы годовой платы за использование радиочастотного спектра за текущий год.

3. Все параметры РЭС должны соответствовать анкетным данным.

4. Запрещено изменять технические параметры и место установки РЭС.

Рұқсаттың қолданылу мерзімі мына уақытқа дейін ұзартылған

Срок действия Разрешения продлен:

20__ ж./г. " ____ " _____ дейін/до _____

М.О./М.П.

(қолы/подпись)

20__ ж./г. " ____ " _____ дейін/до _____

М.О./М.П.

(қолы/подпись)

20__ ж./г. " ____ " _____ дейін/до _____

М.О./М.П.

(қолы/подпись)

20__ ж./г. " ____ " _____ дейін/до _____

М.О./М.П.

(қолы/подпись)

20__ ж./г. " ____ " _____ дейін/до _____

М.О./М.П.

(қолы/подпись)

"Қазақстан Республикасының
радиожілік спектрін
пайдалануға рұқсат беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызметтің стандартына
2-қосымша

Төлемақы мөлшерлемелері

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 12.12.2017 № 429 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Төлемақының жылдық мөлшерлемелері республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және салық кезеңінің бірінші күні қолданыста болған айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – төлемақы мөлшерлемесі) мөлшерінің негізінде, радиобайланыс түріне, пайдаланылатын жиіліктердің номиналдарына (диапазон белдеулеріне), радиоұзартқыштар жинақтамаларына, пайдалану аумағына, сондай-ақ байланыс қызметтері ұсынылатын елді мекен аумағында тұратын

халықтың санына, сондай-ақ таратушы радиоэлектрондық құралдың қуатына байланысты айқындалады.

2. Радиобайланыстың мына түрлеріне төлемақының жылдық мөлшерлемелері келесіні құрайды:

